

«STUDENT ENERGY CHALLENGE» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ КОМАНДАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ¹

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Student Energy Challenge» интеллектуалдық командалық байқауын өткізу ережелері мен тәртібін (бұдан әрі - Ереже) белгілейді.

2. Ереже «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ Жарғысына (бұдан әрі - Қауымдастық), Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңдарына және Қауымдастықтың өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

3. «Student Energy Challenge» интеллектуалдық командалық байқауы (бұдан әрі - Байқау) - студенттер мәлімдеген неғұрлым перспективалы жобаларды анықтауға бағытталған іс-шара. Байқау бірнеше кезеңнен тұрады, әр кезеңнің сипаттамасы осы Ережеде берілген. Байқауға қатысуға ниет білдірген командалар саны шектелмеген.

4. Қауымдастықтың білім беру бағдарламалары департаменті Байқауды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты болып табылады.

5. Осы Ережеде берілген барлық қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Ережеде қолданылатын негізгі терминдер/ұғымдар

Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Байқаудың Ұйымдастырушысы – «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ.

Байқаудың демеушісі және тең ұйымдастырушысы - «Шелл Қазақстан» компаниясы.

Байқаудың Үйлестірушісі – Қауымдастықтың білім беру бағдарламалары департаментінің командалармен өзара әрекеттесуге, Байқауды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты қызметкері.

Байқаудың қатысушылары – жоғары оқу орнының және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу орнының (бұдан әрі – ЖОО) 18 бен 25 жас аралығындағы студенттерінен құралған команда.

Ғылыми жетекші – команданы ұсынған ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамының ішінен командаға жобаны дайындау кезінде оның зерттеулері мен эксперименттеріне көмектесе алатын адам.

Ментор² – тәуелсіз кеңесші-консультант. Бизнес орта, ғылыми орта, сарапшылар қоғамдастығы өкілдерінің қатарынан ментор тартуға жол беріледі. Ментор команда жобасының перспективасына талдау және бағалау жасайды, командаларға мақсат қоюға және оларға қол жеткізу жолдарын әзірлеуге көмектеседі, ұқсас жобаларды, стартаптарды іске асыру мысалдарын көрсетеді, психологиялық қолдау, бағалау жасайды және командаға одан әрі қызмет ету үшін ұсынымдар (мысалы, коммерцияландыру мүмкіндігі) береді.

Командалар жеке ғылыми жетекшіні немесе менторды жобаларды әзірлеуге көмек көрсетуі үшін тарта алады, сондай-ақ жобаға екеуін қатар тарта алады.

Ғылыми жетекші және (немесе) ментор команда құрамына кірмейді.

¹ Ұйымдастырушы мен Демеуші осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады, бұл жөнінде командалар мен Байқаудың басқа да қатысушыларына алдын ала ескертіледі.

² Байқау оффлайн өткізілген жағдайда командалар жобаларды ғылыми жетекшінің, не болмаса ментордың алдында қорғайтын кезде ғана жол жүру және қонақ үй шығыстары байқау қаражаты есебінен өтеледі.

Команда капитаны – команданың Байқауда негізгі нәтижеге қол жеткізуі мақсатында жалпы басшылықты, ұйымдастыруды және нұсқаманы жүзеге асыратын қосымша көшбасшының міндеттерін атқаратын командадағы жетекші тұлға.

Тіркеу – команда Байқауға қатысу үшін Ұйымдастырушының сайтына <http://kazenergy.com> сілтемесі бойынша өтінім беруге Сауалнаманы³ осы Ережеде белгіленген мерзімдерге сәйкес толтырады.

Жобаларды сараптау – жобаның өзектілігін, коммерцияландыруға әлеуетін, ықтимал техникалық және өндірістік тәуекелдерін, коммерциялық тартымдылығын, сондай-ақ бірегейлігін бағалауға байланысты қызмет (плагиатты болдырмау). Сараптамалық қызметтер көрсетуге жасалған шарттарға сәйкес қызмет көрсететін тәуелсіз сарапшылар жобаларға сараптаманы қашықтан жүргізеді.

Сарапшы – жобаларды бағалау кезінде тәуелсіз сараптамалық қорытынды ұсынатын жоғары білімі немесе жоғары білімнен кейінгі білімі бар, жалпы еңбек өтілі он жылға жуық немесе ең кемі бес жыл ғылыми қызмет атқарған жеке тұлға, сарапшы болуға ниет білдірген қызмет бағытында ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесінің болғаны дұрыс.

Семинарлар (тренингтер, вебинарлар, воркшоптар) – Байқауға қатысушылардың әлеуетін арттыруға, кәсіби дағдылардан тыс дағдыларды, оның ішінде жобалық/командалық жұмысты бекітуге, білім мен тәжірибе алмасуға бағытталған интерактивті/онлайн оқыту іс-шаралары.

Жоба паспорты – командалар Байқауға қатысу үшін мәтін, сызбалар, процестер, сызбалар және т.б. сипаттай отырып әзірлеген құжат.

Жоба паспортының видеопрезентациясы – Байқаудың қазылар алқасы мүшелерінің алдында жобаны көрсету үшін жоба паспортының өнімдерін, процестерін, технологиясын және т. б. қысқаша сипаттамасын қамтитын, командалар дайындаған ролик.

Байқаудың қазылар алқасы – Демеушінің, Ұйымдастырушының өкілдерін қоса алғанда, мұнай-газ/энергетика салаларының, медицинаның, ауыл шаруашылығының, ғылыми және ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдерінен және (немесе) мемлекеттік органдар, ғылыми институттар өкілдерінің қатысуымен құралатын, Байқау қорытындысы бойынша жүлделер беру туралы шешім қабылдайтын комиссия.

Байқау жеңімпаздары – қазылар алқасының шешімімен жеңімпаз деп танылған командалар.

Қазылар алқасының шешімі – Байқаудың финалдык кезеңіне қатысқан қазылар алқасының мүшелері толтырған бағалау парақтары негізінде командаларға жүлделі орындар беру туралы мәліметтерді қамтитын хаттама.

Жүлде – Қазылар алқасы шешімінің қорытындысы бойынша жеңімпаз командаларға берілетін награда. Жүлдені жыл сайын Демеуші мен Ұйымдастырушы тағайындайды.

Мүдделер қақтығысы - жеке мүдделілік (тікелей немесе жанама), конкурсқа қатысушы тұлғаның сарапшы, іріктеу комиссиясының/қазылар алқасының мүшесі ретінде немесе конкурс кезеңінде басқа тұлғаның қарым-қатынасы мен қызметі конкурс шеңберінде өзі қабылдайтын шешімдерге ықпал ете алатын немесе ықпал ететін фактор ретінде қабылданатын жағдайда туындауы мүмкін жағдай (оқиға).

Мүдделер қақтығысы туралы декларация - іріктеу комиссиясының/қазылар алқасының мүшелерінде, тәуелсіз сарапшыларда барлық кезеңдерде конкурс өткізу кезеңінде туындайтын мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу тәртібін белгілейтін құжат. Мүдделер қақтығысының болмауы туралы декларация осы Ережеге №9 қосымшада берілген.

3. Мақсаты

Осы Ереженің «Байқаудың бағыттары мен тақырыптары» деген 6-бөлімінде көрсетілген салаларда инновациялық шешімдерді әзірлеу барысында студент жастар арасында өзара іс-қимыл жасау, тәжірибе және білім алмасу үшін алаң құру.

³ Сауалнама осы Ереженің № 1 қосымшасындағы нұсқаулыққа сәйкес толтырылады.

4. Міндеттері

- 1) Қазақстан студенттерінің кәсіби және тұлғалық әлеуетін дамытуға ықпал ету;
- 2) энергетиканың, экологияның, «жасыл экономиканың және олармен байланысты міндеттердің маңыздылығын неғұрлым кеңінен түсіндіру;
- 3) инженерлік ойлау мен шығармашылықты дамытуға қолдау көрсету;
- 4) қатысушылар арасында байланысты нығайтуға, тәжірибе алмасуға және өзекті білім алуға ықпал ету;
- 5) қазақстандық студенттерге индустриядағы озық тәжірибе мен техникалық дағдыларды табыстау;
- 6) болашақта гранттық жобаларға қатысуы үшін құзыреттерді жинақтауға және капиталдандыруға дағдыландыру, сондай-ақ оларды болашақта ғылыми және кәсіпкерлік және т. б қызметке ынталандыру.

5. Байқау командаларына қойылатын талаптар

1. Әрбір ЖОО-дан бірнеше команда қатыса алады.
2. Байқауға Қазақстанның жоғары оқу орындарының бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша білім алып жүрген 18 бен 25 жас аралығындағы студенттерінен (тіркелу кезінде) құралған командалар ғана қатыстырылады.
Команданың тіркелген мүшелері мен Байқауға қатысушылардың нақты жасы арасында сәйкессіздік анықталған жағдайда Ұйымдастырушы тіркеу кезеңінде команданы жарысқа қатысу құқығынан айыруға құқылы⁴.
3. Команда үш адамнан бастап бес адамға дейінгі құрамда құрылады және қазақстандық ЖОО біреуінің атынан өнер көрсетеді (студенттердің мамандықтары мен оқу курстары әртүрлі болуы мүмкін).
4. Командаларға екі жыныстың өкілдерінен тұратын командаларды құра отырып, гендерлік тепе-теңдікті сақтау ұсынылады.
5. Байқауға қатысу үшін тіркелу мақсатында өтінім беруге арналған сауалнаманы команданың әрбір мүшесі Ереженің №8 қосымшасына сәйкес дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімге қол қоя отырып, жеке-жеке толтырады. Байқауға қатысу үшін команданы тіркеу туралы нұсқаулық Ереженің № 1 қосымшасында берілген.
6. Бұрынғы «Student Energy Challenge» байқауларында осыған ұқсас тақырыптармен/әзірлемелермен жүлделі орындарға ие болған командалар, сондай-ақ «Student Energy Challenge» байқауына дейін Шелл Қазақстан басқа байқауларында соңғы 24 (жиырма төрт) ай ішінде жүлделі орындарға ие болған командалар қатыстырылмайды⁵.
7. Команда капитаны Байқау ережелері шегінде өз командасының барлық мүшелері үшін жауапты болады (өзінің іс-қимылы үшін Ұйымдастырушы алдында жауапты) және Байқаудың келесі кезеңіне өткен команданың «Shell Nxplogers» тренингіне қатысуын қамтамасыз етеді.
8. Байқау кезінде Команда капитанына мәлімделген кез келген ақпараттық хабарлама бүкіл командаға мәлімденді деп есептеледі.
9. Командалар өз жобаларын ақпараттық жариялау шеңберінде Ұйымдастырушы мен Демеуші («KAZENERGY» қауымдастығы мен «Шелл Қазақстан») туралы бірдей дәрежеде хабарлама жасау жөнінде міндеттенеді.
10. Командалар Байқауға қатысты кез келген қағаз және электрондық материалдарда, хабарламаларда, соның ішінде бейне және презентациялық материалдарда өздерінің логотиптерін пайдаланған кезде, Ұйымдастырушы мен Демеушінің брендтерін пайдалану талаптарын орындауы тиіс.

⁴ Команданың әрбір мүшесі тіркелу кезінде ЖОО анықтамасын тіркейді.

⁵ Демеуші Байқауға қатысушылардың құрамына алдын ала келісім жасайды.

6. Байқаудың бағыттары мен тақырыптары ⁶

1) Энергетика/электр-энергетика

- a) бөлінген генерацияны дамыту;
- b) ЖЭК шағын көлемді жобаларын дамыту;
- c) өндірістік процестердің энергиялық тиімділігін арттыру;
- d) энергетикадағы экологиялық қауіпсіздік;
- e) жаңартылатын энергетика;
- f) энергетикалық қондырғылардың сенімділігі мен қауіпсіздігі;
- g) энергетикадағы энергия-ресурс үнемдейтін, қауіпсіз материалдар мен технологиялар;
- h) цифрлық және интеллектуалдық энергетикалық жүйелер;
- i) қуаты аз қазандықтарға арналған отынның баламалы түрлері;
- j) ыстық су беру жүйесін: электр су жылытқыштардан күн су жылытқыштарына ауыстыру (гелиоколлекторлар);
- k) су ресурстарын тазалау және қалалардың жасыл желектерін суару жүйесіне ұтымды пайдалану.

2) Мұнай-газ және тау-кен өндіру саласы

- a) жер қойнауын пайдалануды цифрландыру;
- b) шикі газды өңдеу;
- c) озық технологиялар мен тиімді шешімдерді енгізу (Big Data, бұлттық есептеулер, жасанды интеллект);
- d) инновациялар және таза көмір технологиясы;
- e) мұнай және газ кен орындарын игеру;
- f) ұңғымаларда тұз шөгінділерінің пайда болуын жою;
- g) көмірді терең өңдеу.
- h) көміртекті материалдарды, композиттер мен нанокұрылымдарды және т. б. әзірлеу.
- i) инновациялар және таза көмір технологиясы

3) Қоршаған ортаны қорғау/Экология

- a) көліктегі CO₂ шығарындыларын азайту технологиялары (электрлі көліктерді және баламалы түрлерін дамыту);
- b) қоқыс пен қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау тәсілдері;
- c) өнеркәсіптік және қатты тұрмыстық қалдықтарды жою, қайта өңдеу және кәдеге жарату;
- d) тұрғын және өндірістік үй-жайларда энергия тұтынуды төмендету;
- e) ағынды суларды тазарту және қайта пайдалану мәселелері;
- f) қоршаған ортаның (ауа, су, топырақ) сапасы;
- g) кәріз желілері мен тазарту құрылыстарын механикалық және / немесе биологиялық тазарту тәсілдері;
- h) өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату, жер ресурстарының ластануын болдырмау.

7. Жобаның шешімін/паспортын ұсынуға қойылатын талаптар

1. Шешім/жоба жобаның паспорты нысанында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ресімделеді және Байқаудың үшінші кезеңінде Ұйымдастырушының электрондық поштасына жіберіледі.

2. Жоба паспортын ресімдеуге қойылатын талаптар осы Ережеге № 2 және 3-қосымшаларда баяндалған.

3. Жоба паспортында «Команда Байқауға қатысу үшін ұсынылған жоба паспортының бірегей екенін және жобада басқа жұмыстар пайдаланылған жағдайда бұл сілтемеде тиісті түрде көрсетілгенін растайды» деген ескерту болуы қажет.

4. Паспорттың құрылымы ғылыми еңбектер үшін жалпы қабылданған талаптарға сәйкес келуі тиіс, атап айтқанда:

- негізгі бет;
- мазмұны;
- кіріспе;

⁶ Ұсынылатын тақырыптар (a, b, c, d, e.....) ұсынымдық сипатта болады және негізгі бағыттар шеңберінде өзгертілуі мүмкін.

- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- библиографиялық тізім;
- қосымшалар.

5. Жоба Microsoft Word редакторының форматында электронды түрде, қарпі - Times New Roman, көлемі – 14, азат жолдың басындағы бос жері – 1,25 см, жол аралығы – 1, ені бойынша тураланған түрде ұсынылады. Құжат жиегі: сол, жоғарғы және төменгі жиектері – 2,5 см, оң жиегі – 1,5 см. Мәтіндегі сөздер тасымалданбай жазылады. Бетті нөмірлеу - беттің жоғарғы жағында, ортасында. Жобаның жалпы көлемі – 15 беттен 20 бетке дейін, оның ең кемі 60%-ы мәтін болуы тиіс. Тақырып дизайны-барлық жолдар қалың қаріппен жазылады.

6. Жоба паспортында деректерді бұрмалауға немесе плагиатқа жол берілмейді.

7. Жобаның паспорты Байқау Ұйымдастырушысы бекіткен мерзімде ұсынылады.

7.1. Жоба паспортының видеопрезентациясын ұсынуға қойылатын талаптар

1. Жоба паспортын визуализациялау (презентациялық ролик) Байқау финалында жобаны қорғау кезінде көрсету үшін жоба паспортының өнімін, процесін, технологиясын және т. б. сипаттау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Жобаны әзірлеуге бөлінетін қаражат сомасы 300 000 (үш жүз мың) теңге (ҚҚС-ны қосқанда) және Тапсырысшы (KAZENERGY қауымдастығы) мен Жеткізуші (командалар өз бетінше таңдап алған, визуалды креатив саласындағы қызмет орындаушысы) арасында жасалған Шарт негізінде іріктелген команданың әрқайсысына ұсынылады. Ұйымдастырушы шарттық негізде лимиттелген ақшалай қаражатты визуалды креатив саласындағы қызметтерді жеткізушілерге жібереді. Командалар презентациялық роликті әзірлейтін компанияны өздері таңдауға құқылы.

3. Визуалдау жобаны қорғау болып саналмайды, ол командаларға қорғау барысында өз ұстанымдарын күшейту үшін қолданылатын қосымша тиімді құрал болып табылады.

7.2. Жоба паспортының видеопрезентациясына ұсынылатын ұсынымдар⁷

1. Өнімді, мақсатын, процесін, технологиясын және т.б. сипаттау – 30 секундқа дейін (атауы, не үшін қолданылады және т.б.);

2. Ролик 2D форматта немесе 3D графика, анимациямен аралас форматта жасалуы және құрылғы моделінің қолдана отырып берілген мақсатқа және т.б. қол жеткізуге болатын жұмыс принциптерін, дизайн ерекшеліктерін қамтуы тиіс (нысандарды, механизмдерді, құрылымдарды, қоршаған ортаны, қозғалатын/қозғалмайтын механизмдерді, құрамдас бөліктерді, жұмыс процесін және т. б. модельдеу) (100 секундқа дейін);

3. Құрылғының/аспаптың негізгі артықшылықтарын түсіндіру (50 сек. дейін);

4. Аспапты іске қосып, мысалдармен көрсету (50 сек. дейін);

5. Электрондық тасымалдағыштағы роликті Ұйымдастырушыға ұсыну.

6. Роликтің жалпы хронометражы – 4 минуттан көп емес.

Видеопрезентация жасау бойынша техникалық тапсырманы әзірлеу бойынша видео нұсқаулық мына сілтемеде жарияланған: <https://kazenergy.com/ru/operation/educational-program/156/1099/>

8. Байқауды өткізу кезеңдері⁸

1-кезең. Командаларды тіркеу (Байқау шарттарымен келісім жасауды көздейтін) Байқаудың 1-кезеңі болып табылады.

2-кезең. Байқаудың 2-кезеңінде тіркеуден өткен командалар осы Ереженің № 2 және №3-қосымшаларына сәйкес жобалардың паспорттарын әзірлеуге кіріседі.

Өңірлерден келген командаларға Байқауға қатысқандары үшін (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын қоспағанда) 3 балл беріледі.

⁷ Осы Ереженің 7-қосымшасын қараңыз.

⁸ Кезеңдер, іс-шаралар саны, мерзімдер Ұйымдастырушының шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

2-кезеңге қатысушы командалар «Shell Nxplogers» сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша тренингке/вебинарға қатысуы тиіс. Егер Ұйымдастырушылар семинарлар (вебинарлар, мастер-кластар, тренингтер) өткізетін болса, Байқауға қатысушыларға бұл жөнінде алдын ала хабарланады. «Shell Nxploger» сыни ойлау дағдыларын дамыту тренингіне қатысқаны үшін командаларға 5 балл беріледі.

3-кезең. Байқаудың 3-кезеңінде командалар жоба паспорттарының тәуелсіз сараптамасынан⁹ өтеді, оның қорытындысы бойынша финалдық кезеңге қатысушы командалар айқындалады.

Командаларды Байқаудың финалына іріктеу қорытындысы бойынша командалар осы Ереженің 7.2-бөлімінде сипатталған талаптарға сәйкес жоба паспорттарының видеопрезентацияларын әзірлеуге кіріседі. Ұйымдастырушы командаларға видеопрезентацияларды әзірлеу үшін жеткізушілерді іздеуді алдын-ала бастауға кеңес береді (7.1-бөлімін қараңыз).

Байқаудың 4-кезеңінде командаларға төмендегілерді орындау қажет:

- тәуелсіз сараптама нәтижелері жарияланғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде өз таңдаулары бойынша видеопрезентация әзірлейтін жеткізушіні айқындау;

- Ұйымдастырушыға шарт жасасуы үшін таңдап алған жеткізушінің деректемелерін ұсыну. Ұйымдастырушы шарт негізінде лимиттелген ақшалай қаражатты визуалды креатив саласындағы қызметтерді жеткізушілерге аударады;

- таңдалған жеткізушілермен видеопрезентацияларды әзірлеу кезінде барлық техникалық мәселелерді пысықтау.

3-кезеңге қатысушы командалардың видеопрезентациялары Байқаудың финалында жобаларды қорғау кезінде көрсетіледі.

4-кезең. 4-кезеңде командалар қазылар алқасының алдында жобаларды соңғы қорғауға қатысады. Қорғау регламенті 15 минутқа дейін.

Жобалар онлайн қорғалатын кезде Ұйымдастырушы қатысушыларды желіге қосылатын платформамен қамтамасыз етеді, командалар мен ЖОО-ларға онлайн қорғаудың өтетін күні мен уақытын хабарлайды.

Жобалар оффлайн қорғалатын жағдайда Ұйымдастырушы командалар мен ЖОО-ларға финал күндері мен финалдың өткізілетін орны туралы хабарлайды және Байқау күндері сабақтан босатуды сұрайды. Ұйымдастырушы Байқауға қатысушылардың жол жүру, қонақ үй және тамақтану шығындарын өзі өтейді.

Ұйымдастырушы Демеушімен келісім бойынша «Student Energy Challenge» байқауының финалын қорғау күні мен орнын анықтау құқығын өзіне қалдырады (оффлайн, онлайн).

Байқаудың мерзімі Жол картасында (тизер болуы мүмкін) көрсетіледі, ол Ұйымдастырушының сайтында жарияланады.

Командалар белгіленген мерзімде Ұйымдастырушының www.kazenergy.com сайтында тіркеуден өтуі қажет.

9. Байқаудың қазылар алқасының жұмысы

1. Қазылар алқасының құрамын Ұйымдастырушы жартылай финалға шыққан командалардың жобалық тақырыптарын ескере отырып, Байқаудың белгілі бір кезеңінде қалыптастырады.

2. Ұйымдастырушы Байқаудың финалына бір ай қалғанда қазылар алқасының барлық мүшелеріне жобалардың паспорттарын, сараптамалық қорытындыларды, қатысушы командалар бойынша тәуелсіз сарапшылардың бағаларын жібереді. Командалардың видеопрезентациялары қажеттілігіне қарай танысу үшін жіберіледі.

3. Байқаудың қазылар алқасының міндеттері:

1) финалдық кезеңге өткен командалардың жоба паспорттарын зерделеу және қарау;

2) жобаның әрбір паспорттына берілген сараптамалық қорытындылармен танысу;

3) финалшы командалардың видеопрезентацияларын бағалау;

4) Байқау критерийлеріне сәйкес Байқау жеңімпаздарын анықтау бойынша талқылауға қатысу;

⁹ Осы Ереженің 5-қосымшасын қараңыз

- 5) Байқауда алған орындарына сәйкес жүлде қорын бере отырып, жеңімпаз командалар бойынша шешім шығару;
- 6) Байқаудың хаттамасына қол қою.
- 7) Мүдделер қақтығысының болмауы туралы декларацияға қол қою (9-қосымша).
4. Командалардың жоба паспорттарын қазылар алқасының мүшелері осы Ереженің № 6-қосымшасында көрсетілген критерийлер бойынша қарайды және бағалайды.
5. Қазылар алқасының Төрағасы Демеушінің өкілі болып табылады. Даулы мәселелер туындаған кезде қазылар алқасының Төрағасы шешуші дауысқа ие болады (тең балл саны және т.б.).
6. Байқаудың қазылар алқасының мүшелері Байқаудың өткізілу форматына қарамастан, ауыстыру құқығынсыз Байқаудың финалына қатысуға шақырылады.
7. Қазылар алқасының шешімдері алқалы түрде қабылданады және хаттамамен, оның ішінде 5-тармақта көрсетілген жағдайларда ресімделеді.
8. Байқаудың қазылар алқасының шешімі шағымдануға және қайта қарауға жатпайды.

10. Жеңімпаздарды наградтау

1. Жеңімпаз командалар үшін Демеуші мен Ұйымдастырушының шешімі бойынша стипендия және (немесе) оқуға арналған гранттар, оның ішінде ақылы кезеңдік практика және (немесе) тағылымдама, оның ішінде кәсіпорында (компанияда) цифрлық (онлайн), студенттердің/магистранттардың дипломдық/ғылыми жұмыстарын дайындауға менторлық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да материалдық және материалдық емес көтермелеулер мен сыйақылар болуы мүмкін.

Тағылымдама практикасын ұйымдастыру мақсатында (оның ішінде цифрлық, онлайн) Ұйымдастырушы Демеушінің келісімі бойынша үшінші тарапты тарта алады.

2. Байқаудың жартылай финалы мен финалы өтетіні туралы хабарландыру Ұйымдастырушының сайтына, әлеуметтік желілерге және т.б. жарияланады, қосымша жартылай финалға шыққан командаларға Байқау үйлестірушісі команда капитандарына электрондық поштаға (немесе мобильді байланыс үшін мәтіндік хабарламаларды жылдам алмасу жүйелері, мысалы, whatsapp, telegram және т. б. арқылы) хабарлама жіберу арқылы хабарлайды.

3. Жеңімпаз командаларды Байқаудың финалында қазылар алқасы жариялайды және/немесе марапаттайды.

«Student Energy Challenge» байқауына қатысуға өтінім беруге арналған сауалнаманы толтыру жөніндегі нұсқаулық

Құрметті «Student Energy Challenge» байқауының қатысушысы!

ҚР жоғары оқу орындарының студенттері арасында өткізілетін «Student Energy Challenge» интеллектуалдық командалық конкурсына қатысу үшін өтінім беруге арналған сауалнаманы (бұдан әрі – Сауалнама) толтыру үшін сізге толтыру тілін таңдап (қазақ/орыс), «Student Energy Challenge» терезесін басу қажет.

Маңызды! Команданың әрбір мүшесі өз дербес деректерін енгізе отырып, Сауалнаманы өз бетінше толтырады.

Сауалнаманың «Команда атауы» бөлімін толтырған кезде команда өз командасының атауын қай тілде жазатынын алдын ала талқылап алуы тиіс, кейіннен Ұйымдастырушы Байқаудың барлық кезеңдерінде сол тілді пайдаланатын болады.

Мысалы, егер команданың атауы қазақ тілінде «Сәттілік» деп аталса, онда команданың барлық мүшелері «Команданың атауы» деген жолда – «Сәттілік» деп қазақ тілінде жазуы керек.

Мысалы, егер команданың атауы ағылшын тілінде «Fortuna» деп аталса, онда команданың барлық мүшелері «Команданың атауы» деген жолда – «Fortuna» деп тек ағылшын тілінде жазуы керек.

Егер команданың атауы орыс тілінде «Фортуна» деп аталса, команданың барлық мүшелері «Команданың атауы» деген жолда орыс тілінде «Фортуна» деп толтыруы керек.

Сауалнаманың барлық міндетті жолдарын толтырған кезде соңында сізден «Дербес деректерді өңдеуге келісемін» деген жолда «Дербес деректерді өңдеуге келісім» деп қол қою ұсынылады, бұл жерде команданың әрбір мүшесі өз келісімімен танысуға міндетті. Танысқаннан кейін, «✓» қанатбелгісін қойыңыз.

Сауалнаманың соңында команданың әрбір мүшесі келесі мазмұндағы Мүдделер қақтығысының болмауы туралы декларацияны «✓» қанатбелгісімен белгілеуі керек:

«Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда (Байқаудың қазылар алқасының өкілдерімен, сарапшылармен және басқа да тұлғалармен туыстық байланыстардың болуы) Ұйымдастырушыға бұл туралы уақтылы хабарлауға (электрондық пошта және/немесе басқа да қолжетімді байланыс құралдары арқылы) міндеттенемін».

Барлық жолдарды толтырғаннан кейін сіздің өтініміңіз қабылданады. Команданы тіркеу туралы хабарлама команда капитанына Ұйымдастырушы барлық қатысушылардың өтінімдерін тексергеннен кейін жіберіледі.

Командалардың жоба паспортының негізгі бетін ресімдеуі

«Student Energy Challenge» командалық интеллектуалдық байқауы

Команданың атауы «_____»

ЖОО атауы «_____»

Жоба бағытының атауы мен тақырыбы
«_____»**Команда мүшелерінің аты-жөндері:**

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

Ғылыми жетекші:

(ТАӘ) _____

Ментор:

(ТАӘ) _____

2021 жыл

ЖОБА ПАСПОРТЫН ресімдеуге қойылатын талаптар¹⁰**Мазмұны**

Жобаның атауы _____

Кіріспе

Жобаның өзектілігі _____

Экологиялық негіздемесі _____

Экономикалық негіздемесі _____

Негізгі бөлім**Жоба паспортында келесі сұрақтардың жауаптары/тармақтар қамтылуы тиіс:**

• Сіздің жобаңыз ұсынылған бағыттардың қайсысына жатады:

- 1) Энергетика/электр-энергетика (a, b, c, d, e.....)
- 2) Мұнай-газ және тау-кен өндіру саласы (a, b, c, d, e.....)
- 3) Қоршаған ортаны қорғау/Экология (a, b, c, d, e.....)

• Жобаның атауы (макс 50 сөз).

• Жобаның қысқаша сипаттамасы (макс 1200 сөз).

• Жобаның детальдарын ұсыныңыз.

• Сіздің ұсыныңыз қандай мәселені шеше алады? Ол қалай жұмыс істейді?

• Күтілетін нәтиже қандай/ сіздің жобаңыздың пайдасы қандай?

• Соңғы нәтиже қандай (өнім, процесс, қызмет, технология және т.б.)

• Сіздің өніміңіз қандай да бір байқауларға қатысуға ұсынылды ма? Егер ұсынылған болса, қандай байқауға ұсынылды? Нәтижесі қандай болды?

• Сіздің өніміңіз бойынша нарықты зерттеу жүргізілді ме? Егер жүргізілсе, сипаттап беріңіз (макс 600 сөз).

• Сіздің өніміңіз/процесіңіз/қызметіңіз/технологияңыз нарықтағы мәселелерді/міндеттерді шешуге қалай көмектеседі?

• Сіздің өніміңізді үшінші тараптар қарастырды ма? Егер қарастырса, олар кімдер?

• Өз өніміңіздің нарығын/тұтынушылар тобын анықтаңыз.

• Экономикалық негіздемесі, коммерцияландыру мүмкіндігі

Қорытынды

• атқарылған жұмыс туралы қорытындылар, ұсыныстар мен әрі қарайғы тілектер

Әдебиеттер немесе басқа дереккөздер тізімі (жоба паспортын жазу кезінде пайдаланылған дереккөздерді көрсетіңіз).**Қосымшалар**

• Егер бар болса, жобаның қосымша құжаттамаларын тіркеңіз (графиктер, схемалар, чертеждер және басқ.) (макс. 5 бет, А 4 форматы).

Команданың сипаттамасы бөлек параққа жазылуы керек (жоба паспортының көлеміне кірмейді)

• ЖОО мен команданың атауы.

• Капитан мен команданың байланыс деректемелері, оның ішінде ТАӘ, оқитын курсы, факультеті, мамандығы, email, телефоны.

• Ғылыми жетекші мен ментордың байланыс деректемелері (екеуі де болған жағдайда екеуінің немесе біреуінің) – email, телефоны/факсы (ТАӘ, лауазымы және/немесе жұмыс орны).

(Өз командаңыздың әрбір мүшесін оқитын мамандығын, курсын қоса алғанда қысқаша өмірбаянымен бірге, ғылыми жетекшінің/ментордың (екеуі де болған жағдайда екеуінің немесе біреуінің) біліктілігін, академиялық деректерін және командадағы рөлін көрсетіңіз (әр адамның өмірбаяны макс. 500 сөз)).

Байқауға арналған кез-келген өнімдер, процестер, қызметтер, технологиялар немесе кез-келген басқа интеллектуалдық меншік авторлардың меншігінде қалатынына назар аударыңыз.

Команда байқауға қатысу үшін ұсынылған жоба паспортының бірегей екенін және жобада басқа жұмыстар пайдаланылған жағдайда, бұл жөнінде интернеттегі дереккөзге немесе өзге де растайтын дереккөздерге сілтеме ұсыныла отырып, тиісті түрде көрсетілетінін растайды.

Плагиаттың кез келген түрі қабылданбайды: дереккөзге сілтеме бермей сөзбе-сөз көшіру, дереккөзге сілтеме бермей сөздерін өзгертіп жазу, сондай-ақ плагиаттың өзі (егер жоба паспортының элементтері бұрын жарияланған болса, тиісті сілтеме беру қажет). Жалған әрі дәйексіз мәліметтер беруге болмайды және команда дисквалификацияланады.

Команда капитаны _____ (қолы)**Ғылыми жетекші** (егер бар болса) _____ (қолы)**Команда менторы** (егер бар болса) _____ (қолы)¹⁰ Жобаның жалпы көлемі – 15 беттен 20 бетке дейін, оның 60%-ы мәтін болуы тиіс.

Сарапшыларға арналған тіркеу нысаны

САРАПШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ:			
ТАӘ:			
Азаматтығы:			
Ғылыми дәрежесі:			
Зерттеу және қызығушылық саласындағы сарапшылық білімі:			
Сараптамалық бағалау тәжірибесі, деңгейі:			
Жұмыс істейтін мекемесінің атауы (университет, компания және т.б.):			
Байланыс ақпараты:	тел. (жұм):		тел.(моб):
	Email:		Веб-сайты:
<p>1. Тәуелсіз сарапшы (сарапшы) бағалау үшін жеткілікті білімі мен тәжірибесі бар жобалардың паспорттарын ғана сараптама жасауға келісуге тиіс.</p> <p>2. Егер мақаланы дайындауға немесе онда сипатталған зерттеулерге байланысты қандай да бір жобаға қатысса, сарапшы бағалау/сараптама жүргізуден бас тартуы тиіс.</p> <p>3. Сарапшы сараптаманың құпиялылығын құрметтеуге және Байқауды ұйымдастырушыларды қоспағанда, осындай сараптама жүргізу кезінде немесе одан кейін жобаның немесе оның бағалауының ешқандай мәліметтерін үшінші тұлғаларға ашпауға тиіс.</p> <p>4. Сарапшының сараптама барысында алынған ақпаратты басқа адамдардың беделін түсіру мақсатында өз пайдасы үшін пайдалануға құқығы жоқ.</p> <p>5. Жобаларды бағалау объективті түрде жүргізілуі керек, жоба авторлары сараптамалық қорытындыларды жұмысты жақсарту үшін қолдана алатындай нақты тұжырымдалуы және негізделуі керек.</p>			

* Төменде қол қоя отырып, мен дербес деректерімді өңдеуге келісімімді беремін.

Қолы _____

Күні _____

Визуализация саласындағы қызмет жеткізушілері видеопрезентацияны әзірлеуі үшін техникалық тапсырма құру бойынша ұсыныстар

2021 жылғы «___» _____
№ _____ қызмет көрсету шартына
1-қосымша

«Student Energy Challenge» интеллектуалдық командалық байқауына қатысушы командаларға арналған жобаның видеоролик-презентациясын әзірлеу бойынша қызмет көрсетуге техникалық тапсырма

Мақсаты: «.....» командасы (бұдан әрі – Команда) жобасының негізгі сәттеріне қазылар алқасының назарын аудару және визуалдау.

Күгілетін нәтиже:

Жобаның негізгі тұстарын түсіндіретін, ұзақтығы 3 минут, 2D немесе 3D графикасымен және анимациямен аралас элементтер қолданылған видеоролик-презентация (бұдан әрі – ролик).

Презентациялық роликке қойылатын талаптар

1. Презентациялық ролик қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленеді.
2. Команда видеопрезентация дайындауға қажетті барлық материалдарды жинап, Жеткізушіге тапсырады.
3. Әзірленетін роликтің кіріспе және соңғы бөліміне «Student Energy Challenge» байқауының Демеуші («Шелл Қазақстан») мен Ұйымдастырушының (Тапсырысшы) логотиптерін орналастыру қажет.
4. Жеткізуші сценарийді Команданың ескертпелерін ескере отырып, сондай-ақ Тапсырысшының келісімін ала отырып түзетуі қажет.

Видеопрезентацияда мыналар қамтылуы тиіс:

1. Өнімнің, мақсатының, процестің, технологияның және т.б. сипаттамасы;
2. Форматы – 2D/3D. Құрылғы моделінің берілген мақсатқа және т.б. қол жеткізетін жұмыс принциптері де, дизайн ерекшеліктері де көрсетілуі қажет. (нысандарды, механизмдерді, құрылымдарды модельдеу, қоршаған орта, қозғалатын/қозғалмайтын механизмдері, құрамдас бөліктері, жұмыс процесі және т. б.);
3. Құрылғының/аспаптың, процестің негізгі артықшылықтарын түсіндіру;
4. Құрылғының іске қосып, мысалдармен көрсету (егер бар болса).
5. Видеопрезентацияның жалпы графикалық безендірілуі (мәтіндік ендірімелер, графика, түстерін түзету) бір стильде орындалуы тиіс.
6. Видеопрезентациядағы мәтін ендірімелер және/немесе титрлар тиісінше әрбір жеке видеороликте қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілуі тиіс.

Қорытынды

1. Видеороликтерді DVD/CD-дискіге жазу, сондай-ақ қажет болған жағдайда басқа тасымалдағыштарға жазу және Тапсырыс берушіге 2 (екі) данада және қажет болған жағдайда электрондық поштаға жіберу.
2. Егер видеопрезентация команданың мәлімдеген талаптарына сәйкес келсе, тапсырма орындалды деп саналады.

Сапасына қойылатын талаптар

1. Жеткізуші (Орындаушы) сапалы қызмет көрсетуге, сондай-ақ техникалық тапсырмаға, Тапсырыс беруші мен команданың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге кепілдік береді.
 2. Жеткізуші (Орындаушы) көрсетілген жұмыс көлемінің Шартта белгіленген мерзімде орындалуын қамтамасыз етеді.
 3. Жеткізуші (Орындаушы) Тапсырыс берушімен және командамен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.
 4. Тапсырыс беруші мен команданың барлық ұсыныстарын орындайды.
- Орындау мерзімі: 2021 жылғы _____ дейін.

Дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – заң бірлесіп) сәйкес, «Student Energy Challenge» интеллектуалдық командалық байқауының (бұдан әрі – байқау) қатысушысы және Қазақстан Республикасының азаматы ретінде, мен _____, менің (мен туралы) дербес деректерімді осы Келісіммен регламенттелген мақсаттарда және дереккөздерде, оның ішінде жалпыға қолжетімді мақсаттарда заңнамаға қайшы келмейтін тәсілдермен жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі мән-жайлармен немесе құқықтық қатынастармен қазіргі уақытта да, болашақта да Ұйымдастырушымен байланысты барлық шарттарды қабылдаймын және «KAZENERGY» ЗТБ (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) шартсыз келісімімді беремін.

Ұйымдастырушы менің (Мен туралы) дербес деректерімді жинау және өңдеуді конкурсқа жіберу, конкурстық қазылар алқасының шешімі негізінде жүлде қорынан төлемдер жүргізу және жүлделі орындар беру мақсатында жүзеге асырады.

Заңға сәйкес субъект немесе оның заңды өкілі, егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін жағдайларда не орындалмаған міндеттеме болған кезде дербес деректерді жинауға, өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып ала алмайтыны маған белгілі.

Мен осы Келісім Ұйымдастырушымен жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге байланысты барлық қатынастарға, оның ішінде қолданыстағы және (немесе) болашақта туындайтын кез келген азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де құқықтық қатынастарға қолданылатынын растаймын, азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де құқықтық қатынастарды ресімдеу үшін қажетті мәліметтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, менің (мен туралы) дербес деректерім, сондай-ақ оларға енгізілетін, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген өзгерістер және (немесе) толықтырулар, сондай-ақ оларды орындау процесінде өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін және мынадай мәліметтерді растайтын құжаттарым:

тегі, аты, әкесінің аты;

жынысы;

білімі туралы деректер;

кез келген сауалнамалық деректер;

басқа қосымша мәліметтер (Қауымдастықтың сұрауы бойынша).

Осымен, Заңның талаптарын және (немесе) осы Келісімде қол жеткізілген шарттарды сақтаған жағдайда, менің (Мен туралы) дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, фото -, бейнетүсірілімге қатысты қандай да бір наразылықтарым болмайтынын растаймын.

Мен осы Келісімнің мәтінін оқыдым, толықтырулар, ескертпелер мен қарсылықтарым жоқ.

Ұйымдастырушыға сұратқан құжаттарын алуға және жинауға жәрдем көрсетуге міндеттенемін.

Дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісемін.

20___ жылғы «___» _____

Мүдделер қақтығысының болмауы туралы декларация
(осы Декларация жіберілген тұлға өз қолымен толтырады)

Т.А.Ә. _____
жұмыс орны және лауазымы: _____
кәсіби қызмет саласы: _____
тел. және e-mail (байланыс деректемелері): _____

1. Осы **Мүдделер қақтығысының болмауы туралы декларация** (мәтін бойынша – Декларация) «Student Energy Challenge» 2021 байқауына (сарапшылар, қазылар алқасының мүшелері және басқа тұлғалар) тікелей немесе жанама қатысатын және Байқаудың кез келген кезеңінде турашылдық (объективтілік) пен тәуелсіздік қағидаттарын сақтау үшін мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Ұйымдастырушы таныстыратын және Декларацияға қол қойғызатын кез келген тұлғаға ұсынылады. Бұл ретте Декларацияға қол қойған тұлға төмендегілерді растайды:

A) отбасы мүшелерінің ешқайсысы 202_ жылғы байқауға қатыспайды;

B) команда(лар)ы Байқауға қатысып отырған ЖОО-ның қызметкері болып табылмайды;

C) ЖОО-ның қамқоршылық (Индустриялық) кеңесінің (комитетінің), Директорлар кеңесінің немесе ЖОО жанындағы басқа да консультативтік және (немесе) кеңесші органдардың құрамына кірмейді;

D) Байқауда командалар атынан өкілдік ететін ЖОО-да (Басқарма төрағасы, президент, ректор, проректор, кеңесші, декан, деканның орынбасары) шешім қабылдайтын тұлғамен(тұлғалармен) туыстық байланысы жоқ (оның ішінде күйеуі, әйелі, жекжаты немесе басқа да туыстық қатынастары болмайды);

E) ол 202_ жылы «Student Energy Challenge» байқауының жұмыстарын дайындауға ресми түрде немесе бейресми түрде тартылған жоқ;

F) жоғарыда берілген сұрақтарда айтылмаған және Байқауда командаларды бағалау кезінде турашылдық (объективтілік) пен тәуелсіздікке әсер етуі мүмкін басқа да факторлары жоқ.

2. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда кез келген тұлға Байқау шеңберінде сарапшы немесе қазылар алқасының мүшесі (немесе басқа да функция/рөл) ретінде өз функцияларын (рөлін) орындауға кірісуден **10 (он)** күн бұрын Ұйымдастырушыға (электрондық пошта және/немесе басқа да қолжетімді хабарлау құралдары арқылы) хабарлауға міндетті. Егер сарапшы ретінде өз функцияларын (рөлін) немесе Байқау шеңберінде басқа да функцияларды/рөлдерді орындау кезеңінде мүдделер қақтығысының туындауы мүмкін жағдай болса, бұрын Декларацияға қол қойған тұлға бұл туралы ұйымдастырушыға дереу хабарлайды.

3. Байқаудың кезеңдерінің бірінде мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда Ұйымдастырушы жазбаша немесе ауызша нысанда (электрондық пошта және/немесе басқа да қолжетімді байланыс құралдары арқылы) төмендегідей іс-қимылдар жасауға құқылы:

A) Байқауға қатысудан уақытша немесе жалпы шеттету;

B) Байқау шеңберінде белгілі бір ақпаратқа қолжетімділікті шектеу.

4. Осымен мен жоғарыда көрсетілгендердің барлығын оқығанымды және түсінгенімді растаймын; осы Декларацияны өз қолыммен толтырдым; ақпарат толық және шынайы болып табылады.

«___» _____ 2021 ж.

Т.А.Ә., қолы